

**Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Қазақстан Республикасының өңірлерін газдандыру: қазіргі жағдайы, проблемалары және оларды шешу жолдары» тақырыбына арналған Үкімет сағатының қорытындысы бойынша
ҰСЫНЫМДАР**

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Сенаты

2022 жылғы 25 сәуір

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті өңірлерді газдандыру мәселелерін, саланың қазіргі жай-күйін, проблемалары мен оларды шешу жолдарын қарап, мынаны атап өтеді.

Газ саласы еліміздің экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатында бірінші дәрежелі мәнге ие.

Сондықтан Қазақстанның алдында тұтынушыларды басым тәртіппен үздіксіз газбен жабдықтау, газ транзиті жөніндегі міндеттемелерді тұрақты орындау, газдың ресурстық базасын кеңейту, газ экспортының көлемін ұлғайту, газ тасымалдау жүйесін жаңғырту және өңірлерді газдандыру арқылы газ саласын одан әрі дамыту жөніндегі міндеттер тұр.

Тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін атап көрсете отырып, Үкімет сағатының қатысушылары **ҰСЫНАДЫ:**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІНЕ:

1. **Өзгерістер мен толықтырулар енгізу** жөніндегі мәселені пысықтау:

1.1. **Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне** мемлекеттің бақылау-қадағалау функцияларын күшейту бөлігінде бақылау мен қадағалауды қалпына келтіру (*ішінара және жоспардан тыс тексерулер түрінде жүзеге асырылатын тексерілетін объектіге бару арқылы*):

- нормативтік техникалық ысыраптарды, шикізат шығысының техникалық және технологиялық нормаларын, табиғи монополия субъектісі персоналының нормативтік санын, табиғи монополиялар субъектілерінің материалдарын, отынын, энергиясын бекіту бойынша;

- табиғи монополиялар субъектілерінің негізгі құралдары құнының өсуіне алып келмейтін ағымдағы және күрделі жөндеуге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығындардың жылдық сметасын келісу бойынша;

- жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар болып табылатын табиғи

монополиялар субъектілерінің әкімшілік персоналдың басшы қызметкерлерінің штаттық кестелерін және еңбекақысының шекті деңгейін келісу бойынша;

- табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып техникалық сараптама жүргізу бойынша;

- табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік бақылау субъектісіне (*объектісіне*) бару арқылы (*бармай-ақ*), оның ішінде инвестициялық бағдарламалардың аяқталған іс-шаралары орындарына бару арқылы, профилактикалық бақылау жүргізу бойынша.

1.2. Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актілеріне мыналар бөлігінде:

- барлық кен орындарында алауды жағу көлемдерін автоматтандырылған есепке алуды бақылау (*бағалау бойынша Қазақстанда газды жағудың нақты көлемдері ресми деректерден әлдеқайда жоғары, Дүниежүзілік банк деректерінде Энергетика министрлігінің алауды жағу көлемдері бойынша деректерімен айтарлықтай айырмашылықтар бар - 2,5 еседен астам*). Заңсыз жаққаны үшін жауапкершілікті қатаңдату, сондай-ақ жаңа технологияларды енгізгені үшін ынталандыру шараларын қолдану мәселесін қарау ұсынылады;

- магистральдық және газ тарату желілерін жаңарту бойынша газ саласы субъектілерінің өз инвестициялық міндеттемелерін орындауын бақылауды қоса алғанда, объектіге бару арқылы жүзеге асырылатын инвестициялық келісімдер міндеттемелерінің орындалуына **мемлекеттік бақылауды** күшейту;

- өндірілетін және кері айдалатын газ көлемін есепке алу үшін мұнай және газ кен орындарында есептеуіштерді орнату арқылы шикі (*ілеспе*) газды есепке алу мен мониторингілеудің **ақпараттық жүйесін** одан әрі енгізу;

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ жергілікті атқарушы органдарынан газ тасымалдау жүйесі объектілерін беру және балансқа қабылдау рәсімдерін оңайлату (*қазіргі уақытта беру шамамен 2 жылға созылуда және осы уақытта желілер иесіз қалуда*).

2. Газ саласын дамыту сценарийін өзектендіру.

2.1. Өңірлерді газдандыру бойынша қабылданған шешімдерді ескере отырып, сондай-ақ газбен қамтамасыз етудің баламалы нұсқаларын бағалау және талдау негізінде:

- бекітілуі жеделдетуді қажет ететін **Газ саласын дамытудың кешенді жоспарының** жобасына тиісті түзетулер енгізу;

- **Қазақстан Республикасын газдандырудың 2015-2030 жылдарға арналған Бас схемасын** өзектілендіру.

2.2. Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында **мұнай мен газдың Стратегиялық қорларын** қалыптастыруды көздейтін жеке нормативтік құжат қабылдау мәселесін қарастыру.

3. **Газдың ресурстық базасын ұлғайтуға** бағытталған қажетті шараларды әзірлеу.

3.1. Қашаған, Қарашығанақ, Жаңажол жер қойнауын пайдаланушылармен/газ жеткізушілермен **өнімді бөлу туралы келісімдерге** және Теңіз кен орны бойынша жер қойнауын пайдалануға **арналған келісімшартқа** өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарау жолымен және жан-жақты талдау жүргізу:

- ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз ету басымдығын ескере отырып, ішкі нарыққа жіберілетін **ілеспе газ көлемін ұлғайту**;
- кері айдалатын ілеспе газдың көлемін азайту.

3.2. Жер қойнауын пайдаланушылардың газ саласындағы жаңа жобаларды іске асыруы үшін тартымды жағдайлар жасайтын ынталандыру шаралары бойынша ұсыныстар әзірлеу. Бұл ретте ынталандыру шараларын қолдану газға ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз ету жөніндегі басымдық бөлігінде **жер қойнауын пайдаланушылардың қарсы міндеттемелерімен сүйемелденуі** тиіс.

3.3. Тауарлық газды көтерме және бөлшек саудада өткізудің оңтайлы баға механизмін анықтау:

- газдың нарықтық бағасын төлеуге дайын ірі коммерциялық тұтынушылардың, майнерлардың және басқа да санаттардың **жаңа санаттарын енгізу**;

- бағаның шектеулі өсуін қолданатын халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерінің жеке санатына бөлу;

- электр энергиясын өндіруге арналған шекті тарифтерге және табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтеріне ұқсас ұзақ мерзімді кезеңге тауарлық газдың шекті көтерме бағаларын бекіту.

3.4. Климаттық жағдайларды ескере отырып (*Әзірбайжан тәжірибесі бойынша*) әрбір өңір үшін жеке тұтыну нормативтерін (*электрмен жабдықтауға ұқсас*) белгілеу мәселесін зерделеу. Бұл ретте, тұтыну нормативтерінен асқан кезде жоғары бағалар қолданылады.

3.5. Қазақстан Республикасының аумағында пайдалы қазбаларды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету және ішкі нарыққа газ жеткізу көлемін ұлғайту мақсатында, сондай-ақ Жаңажол мұнай-газ конденсатты кен орнында жер қойнауын пайдаланушымен келісімшарттың қолданылу мерзімінің аяқталуын ескере отырып, «QazaqGaz «ҰК» АҚ-ның аталған кен орнын игеру жөніндегі жобаға қатысушы ретінде кіру мүмкіндігін қарастыру (*«QazaqGaz «ҰК» АҚ-ның сатып алуы арқылы «CNPC-Ақтөбемұнайгаз» АҚ акциялар пакетінің кемінде 50% - ы*).

4. Ішкі нарықта газды қайта өңдеу көлемін ұлғайту мақсатында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға жаңа көмірсутек кен орындарын игеру бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың жаңа газ өңдеу зауыттарын міндетті түрде салуы бойынша шарттарды енгізу мүмкіндігін қарастыру - оларға бір мезгілде ынталандыру шараларын ұсыну.

5. Газ нарығын басқарудың **оңтайлы моделін** әзірлеу, оның ішінде:

5.1. **Энергетика министрлігінің жаңа құзыретін** қарастыру:

- **бағдарламалық құжаттардың интеграциялануын** қамтамасыз ету (Ұлттық жобалар, кешенді жоспар, тұжырымдамалар және т. б.);

- газ қорларын бағалау негізінде **газды пайдалана отырып, іске асыру жоспарланған жобаларды іріктеу.**

5.2. **Саланы басқару жүйесінде** құрылымдық өзгерістер жүргізу:

- **«QazaqGaz «ҰК» АҚ** және оның «Интергаз Орталық Азия», «ҚазТрансГазАймақ» еншілес кәсіпорындарының қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге бағытталған құрылымдар мен шығыстарды оңтайландыру бөлігіндегі функцияларын қайта қарау;

- бәсекелес орта қалыптастыруды және «QazaqGaz «ҰК» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ», «Интергаз Орталық Азия» сатып алуға Бөгде ұйымдардың тең қол жеткізуін қамтамасыз ету;

- ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз ету басымдығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының ішкі нарығында газды көтерме саудада өткізудің залалсыздығына қол жеткізгеннен кейін ішкі нарықта өткізілетін (*тауарлық, шикі*) газ көлемін ұлғайту және газ экспортын қысқарту жөнінде шаралар қабылдау.

5.3. Газ тарату желілерін салу функциясын жергілікті атқарушы органдардан «QazaqGaz «ҰК» АҚ Ұлттық компаниясына беру мәселесін пысықтау.

6. Газдандырылмаған облыстарда (*СҚО, ШҚО, Ақмола, Павлодар және Қарағанды*) жедел газдандыру тетігі көзделсін. Ол үшін газдандырылмаған облыстарда CNG/CNG (*Сығылған (Сығылған)/сұйытылған табиғи газ*) қолдануды қоса алғанда, ықтимал баламалы нұсқаларды пысықтап, газдандырудың неғұрлым оңтайлы нұсқасын таңдаған жөн.

7. Сарыбұлақ кен орнындағы экспорт көлемін қысқарту мүмкіндігін қоса алғанда, Шығыс Қазақстан облысын газдандырудың проблемалық мәселесін шешуге жәрдем көрсету.

8. Газбен қамтамасыз ету саласында бірыңғай ұлттық тарифтік саясатты енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу. Бұл ретте тарифті көтеру газбен жабдықтау ұйымдары үшін магистральдық және газ тарату

желілерін жаңарту, жаңғырту жолымен өндірісті жетілдіру қажеттігіне **бағытталған қарсы міндеттемелерді қамтуға** тиіс.

9. Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа сәйкес 2025 жылдан бастап баға белгілеу мен тарифтік саясатты қалыптастырудың бірыңғай қағидаттары бар ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ортақ газ нарығы жұмыс істеуі керек екендігін екенін ескере отырып, отандық газ саласы үшін тәуекелдерді айқындау жөніндегі жұмысты жандандыруы және газдың ішкі нарығын қорғау жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.